

"Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 86 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2022 жылғы 7 қазандағы № 562 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 10 қазанда № 30094 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындайтын қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 86 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9981 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндетін атқарушы

M. Карабаев

Қазақстан Республикасы
Индустрія және
инфрақұрылымдық даму
министрінің міндетін

атқарушының
2022 жылғы 7 қазандагы
№ 562 бүйрекіне
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 13 қарашадагы
№ 86 бүйрекімен
бекітілген

Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындастыры қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындастыры қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылыш және құрылыш қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 20-бабының 23-6) тармақшасына сәйкес әзірленді және салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындауды.

2. Салынуы белгіленген объектілер мен кешендердің мониторингін облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың) жергілікті атқарушы органдарының сәулет және қала құрылышы саласындағы құрылымдық бөлімшелері жүргізеді.

3. Салынып жатқан объектілер мен кешендердің мониторингін мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауын жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.

2-тaraу. Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібі

4. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың) жергілікті атқарушы органдарының сәулет және қала құрылышы саласындағы құрылымдық бөлімшелері жерге тиісті құқық беру туралы берілген шешімдер, берілген сәулет-жоспарлау тапсырмалары, инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға арналған техникалық шарттар және келісілген нобайлық жобалар негізінде мониторингті, сондай-ақ жер участекелеріне бару және көзбен шолып қарау арқылы Заңның 17-бабымен белгіленген нормалар мен талаптардың сақталуына ай сайынғы мониторингті жүзеге асырады.

5. Ведомствоның бағынысты аумақтарда мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауын жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мониторингті объектінің тапсырыс берушілері

құрылым-монтаждау жұмыстарын жүргізудің басталғаны туралы хабарламада, құрылыстың барысы мен орындалатын жұмыстардың сапасы туралы есептерде ұсынған деректердің, ведомстволық бағынысты аумақтың объектілеріне бару және көзбен шолып қарау арқылы ай сайынғы мониторингтің негізінде, сондай-ақ бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру қорытындылары бойынша алғынған деректердің негізінде жүзеге асырады.

6. Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингі тұрақты негізде жүргізіледі.

Айна бір рет ведомстволық бағынысты аумақта бару және көзбен шолып қарау арқылы мониторинг жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ведомстволық бағынысты аумақта бару және көзбен шолып қарау арқылы салынуы белгіленген объектілер мен кешендердің анықталған заңсыз құрылымдар туралы есеп және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес ведомстволық бағынысты аумақта бару және көзбен шолып қарау арқылы салынып жатқан объектілер мен кешендерді мониторингтеу нәтижелері бойынша анықталған заңсыз құрылымдар туралы есеп жасалады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың) жергілікті атқарушы органдарының сәулет және қала құрылымы саласындағы құрылымдық бөлімшелері мониторинг барысында анықталған заңсыз құрылымдар туралы ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне қарай мемлекеттік сәулет-құрылым бақылауын жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына тиісті шаралар қабылдау үшін жібереді.

Мемлекеттік сәулет-құрылым бақылауын жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мониторинг барысында анықталған заңсыз құрылымдар туралы ақпаратты есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне қарай сәулет, қала құрылымы және құрылым істері жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

7. Салынуы белгіленген объектілер мен кешендер туралы мониторинг мемлекеттік қала құрылымы кадастрының ақпараттық жүйесінде мынадай деректердің негізінде қалыптастырылады (жүргізіледі):

- 1) объектінің және кешеннің атауы мен мекенжайы;
- 2) объекті мен кешеннің тапсырыс берушісінің (меншік иесінің) толық атауы (заңды тұлға үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (оның болған жағдайында) (жеке тұлға үшін);
- 3) объекті мен кешен құрылымына арналған жер участекіне тиісті құқық беру туралы жергілікті атқарушы органның шешім;
- 4) объекті мен кешен құрылымына арналған жер участекінің нысаналы мақсаты;
- 5) сәулет-жобалау тапсырмасы;

- 6) инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға арналған техникалық шарттар;
- 7) нобайлық жоба;
- 8) бару және көзбен шолып қарау арқылы жүргізілген мониторингтің барысы туралы есеп.

8. Салынып жатқан объектілер туралы мониторинг "бір терезе" қағидаты бойынша құрылыш жүргізууді ұйымдастыруға арналған порталда мынадай деректердің негізінде қалыптастырылады (жүргізіледі):

- 1) объектінің және кешенниң атауы мен мекенжайы;
- 2) объекті мен кешенниң тапсырыс берушісінің (меншік иесінің) толық атауы (занды тұлға үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (оның болған жағдайында) (жеке тұлға үшін);
- 3) құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізе бастағаны туралы хабарламалар;
- 4) бас мердігердің (мердігердің) толық атауы;
- 5) техникалық қадағалауды жүзеге асыратын адамның тегі, аты, әкесінің аты (оның болған жағдайында);
- 6) объекті мен кешен құрылышының басталуы;
- 7) объекті мен кешен құрылышының нормативтік мерзімі;
- 8) орындалатын құрылыш жұмыстарының түрлерін қамтитын объекті мен кешенниң жай-күйі туралы ақпарат;
- 9) құрылыш барысы және орындалып жатқан жұмыстардың сапасы туралы есеп;
- 10) бару және көзбен шолып қарау арқылы жүргізілген мониторингтің барысы туралы есеп.

3-тaraу. Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингі бойынша ақпаратты ұсыну тәртібі

9. Облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандардың) жергілікті атқарушы органдарының сәулет және қала құрылышы саласындағы құрылымдық бөлімшелері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес салынуы белгіленген объектілер мен кешендер туралы ақпаратты объектілерді графикалық бөлікке тұрақты негізде байланыстыра отырып, мемлекеттік қала құрылышы кадастрының ақпараттық жүйесінде орналастыруды қамтамасыз етеді.

Егер объектілер мен кешендер құрылышын одан әрі жоспарлау болмаған жағдайда, салынуы белгіленген объектілер мен кешендер туралы ақпарат осы тармақта көрсетілген мерзімдерде ұсынылмайды.

10. Ведомстволық бағынысты аумақтарда мемлекеттік сәулет-құрылыш бақылауын жүзеге асыратын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес "бір терезе"

қағидаты бойынша құрылыш жүргізуді ұйымдастыру үшін порталда салынып жатқан объектілер мен кешендер туралы ақпаратты тұрақты негізде орналастыруды қамтамасыз етеді.

11. Сәulet, қала құрылышы және құрылыш істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін www.miid.gov.kz ресми интернет-ресурсында жариялауды қамтамасыз етеді.

бұйрығына
1-қосымша

Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындатын қагидаларына
1-қосымша

Ведомстволық бағынысты аумақта бару және көзбен шолыш қарau арқылы салынуы белгіленген объектілер мен кешендердің анықталған заңсыз құрылыштары туралы есеп

20 ____ жылғы _____

Анықталған заңсыз құрылыштар:

P/c №	Тапсырыс беруші	Объект (атауы, мекенжайы)	Сәulet-жобалау тапсырмасы (нөмірі мен күні)	Нобайлық жобаны келісу (нөмірі мен күні)	Ескертпе
1					
2					
...					
Жиыны					

Қосымша: фотосуреттер

Орындаушының тегі, аты, экесінің аты(оның болған жағдайында) қолы

бұйрығына
2-қосымша

Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындастын қагидаларына
2-қосымша

Ведомстволық бағынысты аумақта бару және көзбен шолыш қарau арқылы салынып жатқан объектілер мен кешендердің мониторингі нәтижелері бойынша анықталған заңсыз құрылыштар туралы есеп

20 ____ жылғы _____

Анықталған заңсыз құрылыштар:

P/c №	Тапсырыс беруші	Объект атауы, мекенжайы)	(Ж е р участкесінің кадастрлық нөмірі және нысаналы мақсаты	Кұрылыш-мон таждау жұмыстарының басталуы туралы хабарлама	Кұрылыш барысы	Ескертпе
1						
2						
...						
Жиыны						

Қосымша: фотосуреттер

Орындаушының тегі, аты, әкесінің аты(оның болған жағдайында) қолы

бұйрығына

3-қосымша

Салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу тәртібін айқындайтын

қағидаларына

3-қосымша

_____ облысы бойынша салынуы белгіленген объектілер мен кешендер туралы
20__ жылғы _____ арналған мониторингі

P/c №	Объект (атауы мен мекенжайы)	Тапсырыс беруші	Жергілікті атқарушы органның жер участкесінде тиісті құқық беру туралы шешімі	Ж е р участкесінде нысаналы мақсаты	Сәулет-жобалау тапсырмасы	Инженерлік және коммуналдық қамтамасыз ету көздеріне қосуға арналған техникалық шарттар	Нобайлық жоба	Бару және көзбеншолып қарау арқылы жүргізілген мониторингтің барысы туралы есеп	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10